



БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕР

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ

21.01.2022ж. №2
Талдықорған қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Талдықорған

Алматы облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері орынбасарының «Алматы облысының аумағында карантиндік шараларды күшейту туралы» 2022 жылғы 14 қаңтардағы №1 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 5-тармағына және 39 бабына, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 102 және 104 баптарына сәйкес, «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2021 жылғы 2 қыркүйектегі №38, «Карантиндік шаралары шектеу және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №42, «Ashyq» жобасын енгізу туралы» 2022 жылғы 13 қаңтардағы №1, «2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» 2021 жылғы 25 тамыздағы №36, «Білім беру ұйымдарында санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды күшейту және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 42, 2022 жылғы 13 қаңтардағы № 1 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» 2022 жылғы 21 қаңтардағы №5 қаулыларына сәйкес,
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Алматы облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері орынбасарының «Алматы облысының аумағында карантиндік шараларды күшейту туралы» 2022 жылғы 14 қаңтардағы №1 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

- 1) 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «3) «Ashyq» жобасына қатысуына қарамастан тыйым салу:

- концерт залдарының, цирктердің, филармониялардың, театрлардың қызметі;

- діни бірлестіктер объектілерінде (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т.б.) ұжымдық іс-шаралар өткізуді (жұма намазы, діни жоралар және т.б.);

- конференциялар, семинарлар, көрмелер, форумдар өткізу;

- түнгі клубтардың қызметі;

- қоғамдық тамақтану объектілеріндегі бар тіреулерде қызмет көрсету, ән айту және би бойынша қызметтер көрсетумен караоке қызметі (қоғамдық тамақтану бойынша қызметтерді қоспағанда);

- «Ashyq» жобасына қатысушы объектілерде 30 адамға дейін еске алуды өткізуді қоспағанда, салтанатты, бұқаралық (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, ауызашар, корпоративтер және т.б.), ашық ауада және жабық жайларда ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру, өткізу және қатысу;»;

2) 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру объектілерінде **штаттық форматта** оқытуды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін:

- **600 оқушыға дейінгіні қоса алғанда** жалпы білім беретін мектептерді;

- **600-ден астам оқушылар оқитын** жалпы білім беретін мектептерде - мектептің жобалық қуатының 50% - дан аспайтын жүктемемен;

- жалпы білім беретін мектептерде – бастауыш 1-4 сыныптар (халықаралық мектептердегі 1-6 сыныптарды қоса алғанда);

- мектептен тыс ұйымдарда;

- жоғары оқу орындарында, арнайы орта білім беру ұйымдарында – аралас форматта: практикалық, зертханалық, семинарлық сабақтар, өндірістік практика – ыңғайластырылған кесте бойынша штаттық режимде, дәрістер-онлайн;

- мектепке дейінгі ұйымдарда – **ата-аналардың өтініштері бойынша**;

Білім беру ұйымдары әкімшілігінің қалауы бойынша вакцинациялаудың толық курсы алған оқушыларды штаттық форматта оқытуға жол беріледі.

Білім беру объектілеріне осы тармақшаға енгізілмеген білім беру ұйымдарында оқитын оқушылар мен студенттерді қашықтықтан (онлайн) оқытуды қамтамасыз етсін.»

3) қаулыға қосымшадағы 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

№	Объектілер/салалар	Шектеу/рұқсат беру шаралары
8.	6000 ш.м.дейінгіні қоса алғанда сауда алаңы бар сауда (азық-түлік) желілері	+

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Алматы облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері



E. S.

Е.Сыдыманов